

Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасынан тысқары жерге әкету қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 251 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 651 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.08.2015 № 651 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы 16-бабының 29) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасынан тысқары жерге әкету қағидасы бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпарат және оны оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашадағы № 1357 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 45, 436-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын пайдалану жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 маусымдағы № 578 қаулысының 1-тармағы 4) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 19, 172 - құжат) ;

3) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашадағы № 1357 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 тамыздағы № 779 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 31, 314 - құжат) .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан
К. Мәсімов*

Республикасының

Қайталама геологиялық ақпаратқа бастапқы ақпаратты өңдеу, мағынасын ашу

, талдау және қорыту нәтижесінде алынған ақпарат жатады.

5. Бастапқы және қайталама геологиялық ақпарат:
табиғи тасымалдаушылардағы ақпараттың телнұсқалары және құжаттардың
к ө ш і р м е л е р і түрінде;

геологиялық ақпаратты көшірме жасамай және алмай-ақ танысу жолымен
б е р і л у і мүмкін.

6. Геологиялық ақпарат оқу мақсаттарында мемлекеттік, сондай-ақ
аккредиттелген жеке оқу орындарына беріледі. Ғылыми зерттеулер мемлекеттік
бюджеттен қаржыландырылған жағдайда, ғылыми мақсаттарда геологиялық
а қ п а р а т б е р і л е д і .

Мемлекеттік немесе аккредиттелген оқу орнының немесе ғылыми ұйымның
сұрау салуы негізінде уәкілетті орган геологиялық ақпаратты оқу немесе ғылыми
мақсаттарда пайдалануға беру туралы не оны беруден дәлелді бас тарту туралы
шешім қабылдайды. Сұрау салу сұрау салынатын геологиялық ақпараттың
мақсаты мен көлемін, оқу бағдарламасы туралы жалпы мәліметтерді, ғылыми
зерттеулердің сипатын қамтуы тиіс.

Мына жағдайларда оқу немесе ғылыми мақсаттар үшін геологиялық
ақпаратты беруден бас тартылады:

сұрау салынатын геологиялық ақпараттың көлемі мен мазмұны оқу
бағдарламасының мазмұнына (егер геологиялық ақпаратқа оқу ұйымы сұрау
салған жағдайда) немесе жүргізілетін ғылыми зерттеулердің сипатына (егер
геологиялық ақпаратқа ғылыми ұйым сұрау салған жағдайда) сәйкес келмегенде;

сұрау салынатын геологиялық ақпарат конкурсқа қойылатын жер қойнауы
учаскелерінің тізбесіне енгізілген жер қойнауы учаскесі жөніндегі геологиялық
ақпарат пакетінің құрамына енгенде. Бұл ретте геологиялық ақпарат тек аталған
жер қойнауы учаскесі бойынша келісімшарт жасалғаннан кейін не оны конкурсқа
қойылатын жер қойнауы учаскелерінің тізбесінен алып тастаған жағдайда
б е р і л е д і ;

сұрау салынатын геологиялық ақпарат мемлекеттік құпияларды құрайтын
м ә л і м е т т е р д і құрағанда.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізіледі - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Геологиялық ақпаратты коммерциялық мақсаттарда мыналар пайдаланады:
жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған конкурсқа қатысушы -
жұмыс бағдарламасы мен барлау және (немесе) өндіруді жүзеге асыру бойынша
техникалық-экономикалық көрсеткіштерді әзірлеуге жеткілікті геологиялық,
тау-кен-техникалық, технологиялық және өзге ақпарат көлемін қамтитын
к о н к у р с т ы қ п а к е т түрінде;

келісімшарттық міндеттемелерді орындау мақсатында жер қойнауын пайдаланушы ;

уәкілетті органмен жасалған шарт негізінде мемлекеттік бюджеттік бағдарлама бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеуге байланысты жұмыстарды жүргізетін тұлға ;

мәлімделген мақсаттар үшін қажетті көлемде жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын алуға өтініш берген тұлға .

8. Жер қойнауын пайдаланудан бос объектілер жөніндегі геологиялық ақпарат Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы және мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтау шартымен мүдделі тұлғаның сұрау салуы негізінде уәкілетті органның шешімі бойынша танысу үшін үзінді көшірме мен көшірмесіз пайдаланылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Геологиялық ақпарат тұрақты немесе уақытша пайдалануға беріледі. Геологиялық ақпарат уақытша пайдалануға уәкілетті органмен жасалған шарт бойынша жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды орындайтын тұлғаларға беріледі. Барлық өзге жағдайларда геологиялық ақпарат тұрақты пайдалануға беріледі.

10. Геологиялық ақпарат осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құпиялылық туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) негізінде ақылы негізде (төлемақы алынып) немесе осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімнің негізінде өтеусіз негізде (төлемақы алынбай) беріледі.

Төлемақы алмай (өтеусіз) геологиялық ақпарат: мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жер қойнауын геологиялық зерделеуге байланысты жұмыстарды жүргізетін тұлғаларға; ғылыми мақсаттар үшін ғылыми зерттеулер мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылған жағдайларда; оқу мақсаттарында – мемлекеттік, сондай-ақ аккредиттелген жеке меншік оқу орындарына ;

мемлекеттік органдарға беріледі.

Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, геологиялық ақпарат оның құнын Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеу шартымен ақылы негізде пайдалануға беріледі. Геологиялық ақпаратты ұсыну шарттарына қарамастан, оның көшірмесін жасау жөніндегі шығыстарды Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы және мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтау шартымен, жеке/занды тұлға мен

геологиялық ақпараттың көшірмесін жасайтын ұйым арасында жасалған шарт негізінде ақпарат алушы өтейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Конкурс туралы хабарландыруға дейін уәкілетті орган конкурсқа қойылатын жер қойнауының учаскелері жөнінде геологиялық ақпарат пакеттерін дайындайды және оның құнын анықтайды. Пакет өтініш берушінің конкурсқа қатысу туралы шешім қабылдауға қажетті геологиялық, тау-кен-техникалық, технологиялық және өзге де ақпараттардың көлемін қамтуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтініш қабылданғаннан кейін уәкілетті орган өтініш берушінің жүгінуінен кейін бір айдың ішінде өтініш берушіге ақыға қойылатын жер қойнауы учаскесі жөнінде геологиялық ақпарат пакеті ұсынады.

Тікелей келіссөздерге қатысуға өтініш қабылданғаннан кейін уәкілетті орган өтініш берушінің жүгінуінен кейін бір айдың ішінде ақыға қойылатын жер қойнауы учаскесі жөнінде геологиялық ақпарат пакетін ұсынады.

Геологиялық ақпарат пакетінің құны тарихи шығындардың мөлшерін ескере отырып анықталады.

Геологиялық ақпарат пакетінің құны қайтаруға жатпайды.

Өтініш берушінің алынған геологиялық ақпаратты кез келген нысанда ашуға немесе үшінші тұлғаға беруге құқығы жоқ.

12. Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпараттың құны тарихи шығындар сомасының бір бөлігі ретінде анықталады.

13. Геологиялық ақпарат уәкілетті орган мен заңды немесе жеке тұлға арасындағы келісімнің негізінде ұсынылады. Келісім заңды немесе жеке тұлғадан геологиялық ақпаратты алуға өтінім келіп түскен сәттен бастап бір айдың ішінде жасалады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13-1. Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурс жеңімпазымен немесе жер қойнауын пайдалану құқығын тікелей келіссөздер негізінде алған тұлғамен уәкілетті орган Келісім жасасады. Келісім негізінде жеңімпаз уәкілетті органнан конкурстық объект бойынша тарихи шығындар есебіне енгізілген барлық геологиялық материалдардың көшірмелерін ақылы негізде алады.

Егер жер қойнауын пайдаланушыға мемлекет қаражаты есебінен алынбаған, бірақ мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпаратты алу қажет болса, онда жер қойнауын пайдаланушыға геологиялық ақпарат Келісімге толықтыру жасағаннан кейін ақылы негізде беріледі.

Уәкілетті органмен жасалған шарт бойынша жұмыстар аяқталған соң пайдаланушы уақытша пайдалануға алынған барлық геологиялық ақпаратты он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайтарып береді.

Ескерту. Қағида 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13-2. Конкурс жеңімпазымен немесе жер қойнауын пайдалану құқығын тікелей келіссөздер негізінде алған тұлғамен жасалған ақылы негіздегі келісімге сәйкес геологиялық ақпарат он жұмыс күн ішінде олар Қазақстан Республикасының бюджетіне геологиялық ақпараттың құнын төлегеннен кейін беріледі. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес геологиялық ақпараттың құны төленгеннен кейінгі тарихи шығындардың қалған бөлігін өтеу пайдалы қазбаларды өндіру сатысының басынан бастап жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 13-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Қағиданың 15-тармағында баяндалған жағдайдан басқа, геологиялық ақпаратты пайдалануға алған заңды немесе жеке тұлға оның құпиялылығын сақтайды: тираждамайды, үшінші тұлғаға бермейді, тек келісім мәні бойынша жұмыстарды орындау үшін ғана пайдаланады. Заңды немесе жеке тұлға құпиялылық талаптарын орындамаған жағдайда, геологиялық ақпаратты пайдалану құқығынан айырылады және уәкілетті органға барлық алынған материалдарды қайтарады.

Құпиялылық талаптары Келісімде реттеледі.

15. Уәкілетті органнан ақылы негізде геологиялық ақпарат алған заңды немесе жеке тұлға жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық аумағында оның ресми түрде ресімделген тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайтын өзінің мердігеріне (бұдан әрі – мердігер) осы геологиялық ақпараттың көшірмесін уақытша пайдалануға бере алады. Мердігерге геологиялық ақпаратты беру осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдаланушы, оның мердігері мен уәкілетті орган арасындағы үшжақты шартпен ресімделеді. Мердігердің геологиялық ақпаратты пайдалану мерзімі келісімшарттық аумақта мердігерлік жұмыстарды орындау мерзімімен аяқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушының тапсырысы бойынша оның келісімшарттық аумағында жұмыстарын орындайтын заңдық және жеке тұлғадағы мердігер Қағиданың 14-тармағына сәйкес құпиялылық талаптарын сақтайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізіледі - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

16. Геологиялық ақпарат көшірмелер түрінде ұсынылады. Геологиялық ақпаратты ұсыну талаптарына байланыссыз оған көшірме жасау жөніндегі шығыстарды геологиялық ақпаратты алушы жеке өтейді.

3. Геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге әкету тәртібі

17. Қазақстан Республикасынан тысқары жерге әкетуге заңды немесе жеке тұлғаларға (бұдан әрі - Өтініш беруші) уәкілетті орган берген немесе жер қойнауын пайдалану процесінде алынған геологиялық ақпарат жатады. Қазақстан Республикасынан тысқары жерге әкетуге Қағиданың 4-тармағында анықталған геологиялық ақпарат түрлері жатады.

18. Геологиялық ақпарат Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағының аумағында да, сондай-ақ кеден одағының аумағынан (бұдан әрі - кеден одағының аумағы) тысқары жерлерге әкетілуі мүмкін.

19. Кеден одағының аумағынан тысқары жерлерге геологиялық ақпаратты әкету кеден одағының уәкілетті мемлекеттік органы берген (бұдан әрі - мемлекеттік орган), уәкілетті органмен келісілген лицензиялардың негізінде, ал кеден одағының аумағында геологиялық ақпаратты әкету уәкілетті органның Рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

20. Табиғи жеткізгіштердегі геологиялық ақпаратты Кеден одағының аумағынан тысқары жерге әкету үшін өтінім беруші мемлекеттік органға өтінім б е р е д і , о ғ а н :

1) өтінім берушінің қолы қойылған геологиялық ақпаратты іріктеу актісі;

2) әкетілетін геологиялық ақпарат тізбесі;

3) кедендік зертхананың сараптамалық қорытындысы қоса беріледі.

Мемлекеттік орган көрсетілген тізбе ұсынылған кезде екі жұмыс күні ішінде өтінімді тиісті уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган өтінімді қарап, 3 жұмыс күні ішінде оны тиісті аумақтық о р г а н ғ а ж і б е р е д і .

Аумақтық орган уәкілетті органнан келіп түскен өтінім негізінде әкетілетін геологиялық ақпаратты тексеріп қарауды жүргізеді және бес күндік мерзімде уәкілетті органға осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геологиялық ақпаратты тексеріп қарау актісін жібереді.

Тексеріп қаралған сынамалар ұсынылған құжаттамаға сәйкес болған кезде уәкілетті орган 3 жұмыс күні ішінде мемлекеттік органға геологиялық ақпаратты Кеден одағының аумағының шекарасы арқылы әкетуге рұқсат беруге арналған өтінімге келісім беретіні туралы хат жолдайды.

Тексеріп қаралған сынамалар ұсынылған құжаттамаға сәйкес болмаған кезде,
с о н д а й - а қ :

1) геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып
т а б ы л м а й т ы н ;

2) геологиялық ақпарат тарихи шығындардың есебіне енгізілмеген;

3) әкетілуге тиіс геологиялық ақпарат осы Қағиданың 17-тармағына қайшы
к е л г е н ;

4) мемлекеттік құпиясы бар мәліметтер болған жағдайларда, уәкілетті орган
өтінім келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде келісім беруден бас
т а р т а д ы .

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Жасанды жеткізгіштердегі геологиялық ақпаратты Кеден одағының аумағынан тысқары жерге әкету үшін өтінім беруші мемлекеттік органға өтінім беріп, оған әкетілетін геологиялық ақпарат тізбесін қоса береді.

Мемлекеттік орган көрсетілген тізбе ұсынылған кезде екі жұмыс күні ішінде өтінімді тиісті уәкілетті органға келісуге жібереді.

Уәкілетті орган өтінімді қарап, 3 жұмыс күні ішінде оны тиісті аумақтық
о р г а н ғ а ж і б е р е д і .

Аумақтық орган уәкілетті органнан келіп түскен өтінім негізінде әкетілетін геологиялық ақпаратты тексеріп қарауды жүргізеді және бес күндік мерзімде уәкілетті органға геологиялық ақпаратты тексеріп қарау актісін және құпия геологиялық ақпараттың жоқ екені туралы анықтаманы жібереді.

Ұсынылған құжаттамаға сәйкес болған кезде уәкілетті орган 3 жұмыс күні ішінде мемлекеттік органға Кеден одағы аумағының шекарасы арқылы геологиялық ақпаратты әкетуге рұқсат беруге арналған өтінімге келісім беретіні
т у р а л ы х а т ж о л д а й д ы .

Тексеріп қаралған сынамалар ұсынылған құжаттамаға сәйкес болмаған кезде,
с о н д а й - а қ :

1) геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып
т а б ы л м а й т ы н ;

2) геологиялық ақпарат тарихи шығындардың есебіне енгізілмеген;

3) әкетілуге тиіс геологиялық ақпарат осы Қағиданың 17-тармағына қайшы
к е л г е н ;

4) мемлекеттік құпиясы бар мәліметтер болған жағдайларда, уәкілетті орган
өтінім келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде келісім беруден бас
т а р т а д ы .

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Табиғи жеткізгіштердегі геологиялық ақпаратты Кеден одағының аумағы шегінде әкету үшін өтінім беруші уәкілетті органға өтінімді береді, оған:

- 1) өтінім берушінің қолы қойылған геологиялық ақпаратты іріктеу актісі;
- 2) әкетілетін геологиялық ақпарат тізбесі;
- 3) кедендік зертхананың сараптамалық қорытындысы қоса беріледі.

Уәкілетті орган өтінімді қарап, 3 жұмыс күні ішінде оны тиісті аумақтық органға жібереді.

Аумақтық орган уәкілетті органнан келіп түскен өтінім негізінде әкетілетін геологиялық ақпаратты тексеріп қарауды жүргізеді және бес күндік мерзімде уәкілетті органға геологиялық ақпаратты тексеріп қарау актісін жібереді.

Тексеріп қаралған сынамалар ұсынылған құжаттамаға сәйкес болған кезде уәкілетті орган 3 жұмыс күні ішінде геологиялық ақпаратты Кеден одағының аумағының шекарасы арқылы әкетуге рұқсат беруге арналған өтінімге келісім б е р е д і .

Тексеріп қаралған сынамалар ұсынылған құжаттамаға сәйкес болмаған кезде, с о н д а й - а қ :

- 1) геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып т а б ы л м а й т ы н ;
- 2) геологиялық ақпарат тарихи шығындардың есебіне енгізілмеген;
- 3) әкетілуге тиіс геологиялық ақпарат осы Қағиданың 17-тармағына қайшы к е л г е н ;
- 4) мемлекеттік құпиясы бар мәліметтер болған жағдайларда, уәкілетті орган өтінім келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде келісім беруден бас т а р т а д ы .

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Жасанды жеткізгіштердегі геологиялық ақпаратты Кеден одағының аумағы шегінде әкету үшін өтінім беруші мемлекеттік органға өтінім беріп, оған әкетілетін геологиялық ақпарат тізбесін қоса береді.

Уәкілетті орган өтінімді қарап, 3 жұмыс күні ішінде оны тиісті аумақтық органға жібереді.

Аумақтық орган уәкілетті органнан келіп түскен өтінім негізінде әкетілетін геологиялық ақпаратты тексеріп қарауды жүргізеді және бес күндік мерзімде уәкілетті органға геологиялық ақпаратты тексеріп қарау актісін және құпия геологиялық ақпараттың жоқ екені туралы анықтаманы жібереді.

Ұсынылған құжаттамаға сәйкес болған кезде уәкілетті орган 3 жұмыс күні

ішінде Кеден одағы аумағының шекарасы арқылы геологиялық ақпаратты әкетуге рұқсат беруге арналған өтінімге келісім береді.

Тексеріп қаралған сынамалар ұсынылған құжаттамаға сәйкес болмаған кезде,
с о н д а й - а қ :

1) геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып т а б ы л м а й т ы н ;

2) геологиялық ақпарат тарихи шығындардың есебіне енгізілмеген;

3) әкетілуге тиіс геологиялық ақпарат осы Қағиданың 17-тармағына қайшы к е л г е н ;

4) мемлекеттік құпиясы бар мәліметтер болған жағдайларда, уәкілетті орган өтінім келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде келісім беруден бас т а р т а д ы .

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекет меншігінде болатын
геологиялық ақпаратты оқу,
ғылыми, коммерциялық
мақсаттарда пайдалану және
геологиялық ақпаратты Қазақстан
Республикасынан тысқары жерге
әкету қағидасына
1-қосымша

Ескерту. Қағида 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ҚҰПИЯЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

20__ жылғы _____ № _____

Осы Құпиялылық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) бұдан әрі Тараптар деп аталатын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) атынан 20__ жылғы _____ № _____ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекеме туралы ереженің негізінде әрекет ететін

_____.

басшының Т.А.Ә., негізінде әрекет ететін
және жеке немесе заңды тұлға атынан
негізінде әрекет
жарғының немесе шарттың
ететін

бірінші басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә.

(бұдан әрі – пайдаланушы) арасында жасалды.

М ы н а л а р д ы :

1) уәкілетті органның жер қойнауын геологиялық зерттеу және кешенді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратынын; тарихи шығындар мөлшерін, құнын және геологиялық ақпаратты алу шарттарын белгілейтінін; жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды, оған қоса минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеуді (байытуды) бақылауды жүзеге асыратынын назарға ала отырып;

2) уәкілетті орган мен пайдаланушы Келісімнің шарттары іске асырылған жағдайда, ол өздерінің өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы келісті.

Уәкілетті орган мен пайдаланушы төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты.

1. Келісімнің мәні

1. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 251 қаулысымен бекітілген Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасынан тысқары жерге әкету қағидасының 10-тармағына сәйкес геологиялық ақпарат пайдалануға ақылы негізде Қазақстан Республикасының бюджетіне оның құны төленген жағдайда беріледі.

2. Тарихи шығындарды және жер қойнауы туралы геологиялық ақпараттың құнын айқындау тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 120 қаулысымен бекітілген Тарихи шығындарды және геологиялық ақпарат құнын айқындау қағидасымен реттеледі.

Мемлекет меншігіндегі геологиялық ақпараттың құны тарихи шығындар сомасының бір бөлігі ретінде айқындалады. Геологиялық

ақпараттың құны Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді.

3. Пайдаланушы геологиялық ақпаратты пайдалану құқығын аумақтық және республикалық геологиялық қорлардан _____ негізінде _____ құқық белгілейтін құжат объектісі

(бұдан әрі – объект) бойынша және геологиялық ақпаратты ақылы негізде беру туралы жазбаша өтінім негізінде алады.

4. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының бюджетіне геологиялық ақпараттың құнын төлеген жағдайда, оның көшірмелерін жұмыстарды орындау мерзіміне уақытша пайдалануға алуға құқылы.

2. Геологиялық ақпарат үшін төлемдер

1. Геологиялық ақпарат жиынтығының құны тарихи шығындардың көлеміне байланысты айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жұмсалған объект бойынша геологиялық-барлау жұмыстарының тарихи шығындарының құны _____ (_____) теңгені құрайды.

3. Пайдаланушы Келісімге қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Келісімнің 1-бөлімінің 2-тармағына сәйкес геологиялық ақпарат үшін тарихи шығындар сомасының ____ %-ын төлеуге міндеттенеді, бұл _____ (_____) теңгені құрайды.

4. Келісімнің 2-бөлімінің 3-тармағында көрсетілген соманы төлеу «Мемлекеттік меншіктегі жер қойнауы туралы ақпаратты пайдалануға ұсыну төлемі» 201 903 бюджеттік жіктеу кодына және 911 төлем тағайындау кодына төленетін жердегі салық қызметі органының деректемелері бойынша пайдаланушының СТН (БСН, ЖСН) бойынша теңгемен жүргізіледі. Төлем тапсырмасында банктің төлем жүргізілгені туралы белгісі болуы қажет.

5. Келісімнің 2-бөлімінің 3-тармағында көрсетілген соманы төлегеннен кейін тарихи шығындарды өтеу тәртібі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексында (Салық кодексі) белгіленеді.

6. Уәкілетті органға төлем тапсырмасының көшірмесі ұсынылғаннан кейін пайдаланушының геологиялық ақпарат үшін төлем міндеттемелері

орындалды

деп

есептеледі.

7. Геологиялық ақпарат құнына оның көшірмесін жасауға жұмсалған шығындар кірмейді.

3. Геологиялық ақпаратты беру

1. Уәкілетті орган пайдаланушының жазбаша өтініміне тізбе бойынша геологиялық ақпаратты оған осы Келісімнің 2-бөлімінің 4-тармағына сәйкес оның құны төленгеннен кейін береді. Ақпараттық жиынтыққа тарихи шығындарды есептеу негізінде келісімшарттық аумаққа жататын материалдар ғана енгізіледі.

2. Пайдаланушы геологиялық ақпараттың көшірмесін жасауға жұмсалған шығындарды осы жұмыстарды орындайтын ұйыммен жасасқан жеке шарт бойынша төлейді.

3. Уәкілетті органнан пайдаланушыға геологиялық ақпаратты беру қабылдау-беру актісі бойынша жүзеге асырылады, оған уәкілетті органның (уәкілетті органның өңіраралық департаментінің) бірінші басшысы, ал ол болмаған жағдайда – оны алмастыратын тұлға қол қояды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Уәкілетті орган Келісімді бұзғанға дейін күнтізбелік 30 күн бұрын пайдаланушыға жазбаша хабарлама бере отырып, оны бұзуға құқылы.

2. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бюджетіне геологиялық ақпараттың құны төленген жағдайда, пайдаланушының жазбаша өтініміндегі тізбеге сәйкес геологиялық ақпаратты пайдалануға беруге міндетті.

3. П а й д а л а н у ш ы :

1) пайдаланушының оның келісімшарттық аумағында ресми түрде ресімделген тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайтын өзінің мердігеріне (бұдан әрі – мердігер) осы геологиялық ақпараттың көшірмесін беруге құқылы. Геологиялық ақпаратты мердігерге беру пайдаланушы, оның мердігері және уәкілетті орган арасында үшжақты шарт жасасу арқылы ресімделеді. Мердігердің геологиялық ақпаратты пайдалану мерзімі келісімшарттық аумақта мердігерлік жұмыстарды орындау мерзіміне байланысты белгіленеді.

Пайдаланушының тапсырысы бойынша оның келісімшарттық аумағында жұмыстарды орындайтын заңды немесе жеке тұлғаның мердігері осы Келісімнің құпиялылық шарттарын сақтайды.

2) уәкілетті орган Келісімді бұзғанға дейін 30 жұмыс күн бұрын

пайдаланушыға жазбаша хабарлама бере отырып, алынған геологиялық ақпаратты қайтару арқылы, оны бұзуға құқылы.

4 . П а й д а л а н у ш ы :

1) ақпаратты жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт шеңберінде жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында пайдалануға;

2) берілген геологиялық ақпаратты не қағаз, не электрондық жеткізгіштерде көбейтіп таратпауға;

3) жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт шеңберінде жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз ақпаратты үшінші тарапқа бермеуге;

4) Келісімді мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, берілген геологиялық ақпаратты толық көлемде, өзінде олардың көшірмелерін сақтау құқығынсыз, уәкілетті органға қайтарып беруге міндеттенеді.

5. Кепілдік міндеттемелер

Уәкілетті орган пайдаланушыға геологиялық ақпаратты беруге толық заңды құқығы мен өкілеттілігі бар екеніне кепілдік береді.

6. Тараптардың жауапкершілігі

1. Міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына с ә й к е с ж а у а п т ы б о л а д ы .

2. Осы Келісімнің шарттарын орындамаған жағдайда, пайдаланушы геологиялық ақпаратты пайдалану құқығынан айырылады, осы Келісім бұзылады және берілген геологиялық ақпарат уәкілетті органға қайтарылады, бұл ретте геологиялық ақпарат жиынтығының құны қайтарылмайды.

7. Форс-мажор

1. Тараптардың ешқайсысы, егер орындамау немесе орындаудағы кідірістер еңсерілмейтін күштердің (форс-мажор) мән-жайларынан туындаған болса, Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерді ішінара не толық орындамағаны үшін жауапты болмайды.

2. Форс-мажорға әскери жанжалдар, табиғи апаттар, дүлей апаттар (өрт, ірі авариялар, коммуникациялардың істен шығуы және т.б.) және басқа да төтенше және осы жағдайда еңсерілмейтін мән-жайлар жатады.

3. Тарап екінші тарапқа форс-мажорлық жағдайлар туындағаны

немесе аяқталғаны, олардың сипаты мен ықтимал өту мерзімі туралы, олардың туындаған немесе тоқтаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палатасы берген тиісті құжатты қоса бере отырып, хабардар етуге міндетті.

4. Осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі форс-мажорлық жағдайлардың әрекет ету мерзіміне және олардың жағымсыз салдарына қарай ұзартылады.

5. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Тараптар ақылға қонымды мерзімде қалыптасқан мән-жайларды шешу жолдарын іздеу үшін келіссөздер жүргізеді және осы мән-жайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық амалдарды пайдаланады.

8. Хабарламалар

Осы Келісімде көзделген барлық хабарламалар жазбаша ресімделуге тиіс және кейін пошта арқылы жіберіле отырып, мына мекенжайларға факсимильді байланыс арқылы жіберілуі тиіс:

Уәкілетті орган _____ Пайдаланушы _____

Пошта мекенжайы: _____ Пошта мекенжайы: _____

Тел. _____ Тел. _____

9. Құпиялылық

1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде оның мәніне жататын барлық құжаттар, ақпараттар және есептер жөніндегі құпиялылық шарттарын сақтайды.

2. Тараптардың ешқайсысы, басқа Тараптан жазбаша келісім алмай, құпия болып табылатын және мына Келісім мазмұнына қатысты немесе осы Келісімнің ережелерін іске асырумен байланысты ақпаратты мына:

1) ақпарат сот тергеуі барысында пайдаланылған;

2) егер үшінші тұлға мұндай ақпараттың құпиялылығы шарттарын сақтау және ол ақпаратты Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар анықтаған мерзімде ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Тараптардың біріне Келісім бойынша қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға берілген;

3) егер кез келген ақпаратты, соның ішінде банктік құпия болып табылатын, пайдаланушының кез келген, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетел банктерінде ашылған банк шотына қатысты ақпаратты алуға мүмкіндігі бар салық немесе Қазақстан Республикасының басқа уәкілетті мемлекеттік органдарына ақпарат берілетін жағдайлардан басқа жағдайда жария етуге құқығы жоқ.

10. Дауларды реттеу

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы кез келген дау консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

2. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

11. Қорытынды ережелер, келісімнің күшіне енуі және қолданысын тоқтату

1. Осы Келісім оған Тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және Келісімшарттың қолданылу мерзіміне сәйкес аяқталады.

2. Осы Келісім қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес түсіндіріледі және реттеледі.

3. 20 жылғы « » Астана қаласында қазақ және орыс тілдерінде, бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада, әрбір тарапқа 1 (бір) данадан жасалды. Егер осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда, тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Уәкілетті орган _____

Пайдаланушы _____

_____ басшының Т.А.Ә.

_____ басшының Т.А.Ә.

қолы

қолы

М.О.

М.О.

Мемлекет

меншігінде

болатын

геологиялық

ақпаратты

оқу,

ғылыми,

коммерциялық

мақсаттарда

пайдалану

және

геологиялық

ақпаратты

Қазақстан

Республикасынан тысқары жерге
ә к е т у қ а ғ и д а с ы н а
2-қосымша

Ескерту. Қағида 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

20 ЖЫЛҒЫ №0

Осы Құпиялылық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) бұдан әрі Тараптар деп аталатын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) атынан 20__ жылғы _____ № _____ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекеме туралы ереженің негізінде әрекет ететін

және жеке басшының Т.А.Ә., негізінде әрекет ететін немесе заңды тұлға атынан негізінде әрекет ететін жарғының немесе шарттың

бірінші басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә.

(бұдан әрі – пайдаланушы) арасында жасалды.

Мыналарды :

1) уәкілетті органның жер қойнауын геологиялық зерттеу және кешенді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратынын; тарихи шығындар мөлшерін, құнын және геологиялық ақпаратты алу шарттарын белгілейтінін; жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды, оған қоса минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеуді (байытуды) бақылауды жүзеге асыратынын назарға ала отырып;

2) уәкілетті орган мен пайдаланушы осы Келісімнің шарттары іске асырылған жағдайда, ол өздерінің өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы келісті.

Уәкілетті орган мен пайдаланушы төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты.

1. Келісімнің мәні

1. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 251 қаулысымен бекітілген Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасынан тысқары жерге әкету қағидасының 10-тармағына сәйкес геологиялық ақпарат пайдаланушыға өтеусіз негізде беріледі.

2. Пайдаланушы геологиялық ақпаратты пайдалану құқығын аумақтық және республикалық геологиялық қорлардан _____

_____ негізінде _____
құқық белгілейтін құжат
_____ объектісі

(бұдан әрі – объект) бойынша, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыстарды орындау үшін (_____) жұмыстарды орындау мерзімі
дейін алады.

3. Пайдаланушы геологиялық ақпараттың көшірмелерін осы баптың 1.2-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау мерзіміне уақытша пайдалануға алуға құқылы.

2. Геологиялық ақпаратты беру

1. Уәкілетті орган пайдаланушының жазбаша өтініміндегі тізбеге сәйкес геологиялық ақпаратты береді.

2. Пайдаланушы геологиялық ақпараттың цифрлауға немесе көшірмесін жасауға жұмсалған шығындарды осы жұмыстарды орындайтын ұйыммен жасасқан жеке шарт бойынша төлейді.

3. Уәкілетті органнан пайдаланушыға геологиялық ақпаратты беру геологиялық ақпаратты қабылдау-беру актісі бойынша жүзеге асырылады, оған уәкілетті органның (уәкілетті органның өңіраралық департаментінің) бірінші басшысы, ал ол болмаған жағдайда – оны алмастыратын тұлға қол қояды.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Уәкілетті орган Келісімді бұзғанға дейін күнтізбелік 30 күн бұрын пайдаланушыға жазбаша хабарлама бере отырып, оны бұзуға құқылы.

2. Уәкілетті орган пайдаланушының жазбаша өтініміндегі тізбеге сәйкес геологиялық ақпаратты пайдалануға өтеусіз беруге міндетті.

3 . П а й д а л а н у ш ы :

1) пайдаланушының оның келісімшарттық аумағында ресми түрде ресімделген тапсырысы бойынша жұмыстарды орындайтын өзінің мердігеріне (бұдан әрі – мердігер) осы геологиялық ақпараттың көшірмесін беруге құқылы. Геологиялық ақпаратты мердігерге беру пайдаланушы, оның мердігері және уәкілетті орган арасында үшжақты шарт жасасу арқылы ресімделеді. Мердігердің геологиялық ақпаратты пайдалану мерзімі келісімшарттық аумақта мердігерлік жұмыстарды орындау мерзіміне байланысты белгіленеді.

Пайдаланушының тапсырысы бойынша оның келісімшарттық аумағында жұмыстарды орындайтын заңды немесе жеке тұлғаның мердігері осы Келісімнің құпиялылық шарттарын сақтайды.

2) уәкілетті орган Келісімді бұзғанға дейін 30 жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлама бере отырып, алынған геологиялық ақпаратты қайтару арқылы, оны бұзуға құқылы.

4 . П а й д а л а н у ш ы :

1) ақпаратты жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт шеңберінде жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында пайдалануға;

2) берілген геологиялық ақпаратты не қағаз, не электрондық жеткізгіштерде көбейтіп таратпауға;

3) жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт шеңберінде жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз ақпаратты үшінші тарапқа бермеуге;

4) Келісімді мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, берілген геологиялық ақпаратты толық көлемде, өзінде олардың көшірмелерін сақтау құқығынсыз, уәкілетті органға қайтарып беруге міндеттенеді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

1. Міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

2. Осы Келісімнің шарттарын орындамаған жағдайда пайдаланушы геологиялық ақпаратты пайдалану құқығынан айырылады, осы Келісім бұзылады және берілген геологиялық ақпарат уәкілетті органға қайтарылады.

5. Форс-мажор

1. Тараптардың ешқайсысы, егер орындамау немесе орындаудағы кідірістер еңсерілмейтін күштердің (форс-мажор) мән-жайларынан туындаған болса, Келісім бойынша қандай да бір міндеттемелерді ішінара не толық орындамағаны үшін жауапты болмайды.

2. Форс-мажорға әскери жанжалдар, табиғи апаттар, дүлей апаттар (өрт, ірі авариялар, коммуникациялардың істен шығуы және т.б.) және басқа да төтенше және осы жағдайда еңсерілмейтін мән-жайлар жатады.

3. Тарап екінші тарапқа форс-мажорлық жағдайлар туындағаны немесе аяқталғаны, олардың сипаты мен ықтимал өту мерзімі туралы, олардың туындаған немесе тоқтаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палатасы берген тиісті құжатты қоса бере отырып, хабардар етуге міндетті.

4. Осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі форс-мажорлық жағдайлардың әрекет ету мерзіміне және олардың жағымсыз салдарына қарай ұзартылады.

5. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Тараптар ақылға қонымды мерзімде қалыптасқан мән-жайларды шешу жолдарын іздеу үшін келіссөздер жүргізеді және осы мән-жайлардың салдарын барынша азайту үшін барлық амалдарды пайдаланады.

6. Хабарламалар

1. Осы Келісімде көзделген барлық хабарламалар жазбаша ресімделуге тиіс және кейін пошта арқылы жіберіле отырып, мына мекенжайларға факсимильді байланыс арқылы жіберілуі тиіс:

Уәкілетті орган _____ Пайдаланушы _____

Пошта мекенжайы: _____ Пошта мекенжайы: _____

Тел. _____ Тел. _____

7. Құпиялылық

1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде оның мәніне жататын барлық құжаттар, ақпараттар және есептер жөніндегі құпиялылық шарттарын сақтайды.

2. Тараптардың ешқайсысы, басқа Тараптан жазбаша келісім алмай,

құпия болып табылатын және мына Келісім мазмұнына қатысты немесе осы Келісімнің ережелерін іске асырумен байланысты ақпаратты мына:

- 1) ақпарат сот тергеуі барысында пайдаланылған;
- 2) егер үшінші тұлға мұндай ақпараттың құпиялылығы шарттарын сақтау және ол ақпаратты Тараптар белгілеген мақсаттарда және Тараптар анықтаған мерзімде ғана пайдалану міндеттемесін өзіне алған жағдайда, ақпарат Тараптардың біріне Келісім бойынша қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға берілген;
- 3) егер кез келген ақпаратты, соның ішінде банктік құпия болып табылатын, пайдаланушының кез келген, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетел банктерінде ашылған банк шотына қатысты ақпаратты алуға мүмкіндігі бар салық немесе Қазақстан Республикасының басқа уәкілетті мемлекеттік органдарына ақпарат берілетін жағдайлардан басқа жағдайда жария етуге құқығы жоқ.

8. Дауларды реттеу

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы кез келген дау консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

2. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

9. Қорытынды ережелер, келісімнің күшіне енуі және қолданысын тоқтату

1. Осы Келісім _____ дейінгі мерзімге жасалады.
2. Осы Келісім қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес _____ түсіндіріледі және _____ реттеледі.
3. 20 _____ жылғы « _____ » _____ Астана қаласында мемлекеттік және орыс тілдерінде, бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада, әрбір тарапқа 1 (бір) данадан жасалды. Егер осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда, тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Уәкілетті орган _____

Пайдаланушы _____

басшының Т.А.Ә.

басшының Т.А.Ә.

қолы	қолы	
М.О.	М.О.	
Мемлекет	меншігінде	болатын
геологиялық	ақпаратты	оқу,
ғылыми,	коммерциялық	
мақсаттарда	пайдалану	және
геологиялық	ақпаратты	Қазақстан
Республикасынан	тысқары	жерге
әкету	қағидасына	
3-қосымша		

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Геологиялық ақпаратты беру шарты

Астана қаласы

№ _____

Осы геологиялық ақпаратты беру шарты (бұдан әрі – Шарт) бұдан әрі Тараптар деп аталатын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) атынан 20__ жылғы _____ № _____ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекеме туралы ереженің негізінде әрекет ететін

басшының Т.А.Ә.

және _____ негізінде _____ атынан
жарғы немесе сенімхат
әрекет ететін _____ (бұдан әрі – пайдаланушы)
бірінші басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә.
және _____ негізінде _____ атынан
жарғы немесе сенімхат
әрекет ететін _____ (бұдан әрі – мердігер)
бірінші басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә.
арасында жасалды.

Мыналарды :

1) уәкілетті органның жер қойнауын геологиялық зерттеу және кешенді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратынын; тарихи шығындар көлемін, құнын және геологиялық ақпаратты алу

шарттарын белгілейтінін; жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды, оған қоса минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеуді (байытуды) бақылауды жүзеге асыратынын назарға ала отырып;

2) уәкілетті орган мен пайдаланушы Келісімнің шарттары іске асырылған жағдайда ол өздерінің өзара құқықтары мен міндеттерін реттейтіні туралы келісті.

Уәкілетті орган мен пайдаланушы төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Пайдаланушы _____ негізінде уәкілетті органмен/аумақтық бөлімшемен жасалған келісімнің күні және № уәкілетті органнан _____ (бұдан әрі – объект) объектiнiң атауы бойынша геологиялық ақпараттың толық жиынтығын алды.

2. Мердігер _____ жұмыс түрлері _____ жұмыстарын орындау жер қойнауын пайдаланушы мен мердігер арасындағы шарттың күні және № шартына сәйкес пайдаланушыдан геологиялық ақпаратты алады. Пайдаланушы _____ тармағына сәйкес геологиялық нормативтік құжатқа сілтеме ақпаратты жұмыстарды орындау шарты бойынша өзінің жұмыстарды орындайтын мердігеріне уақытша пайдалануға беру жөнінде уәкілетті органға өтініш білдірді.

Уәкілетті орган осы өтінішті қарап, қоса берілген тізбеге сәйкес тарихи шығындар есебіне енгізілген және объект бойынша уәкілетті органнан мынадай шарттармен алынған геологиялық ақпаратты уақытша пайдалануға мердігерге беруге пайдаланушыға рұқсат береді:

1) мердігерге берілген геологиялық ақпарат үшін және оның қайтарылуы үшін пайдаланушы жауапты болады;

2) пайдаланушы алынған ақпаратты осы Шартқа қол қойылған күннен бастап жұмыстарды орындау шарты бойынша қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін мердігерге береді.

Мердігер Шартқа қол қойылғаннан кейін пайдаланушыдан объект бойынша геологиялық ақпаратты қабылдау-беру актісі бойынша алады;

3) мердігер алынған құпия емес ақпаратты пайдалану кезінде құпиялылықты сақтауға, көбейтіп таратпауға, үшінші тарапқа бермеуге, Қазақстан Республикасынан тысқары жерге әкетпеуге және оларды осы Шартта көрсетілген жұмыстарды орындау үшін ғана пайдалануға міндеттенеді;

4) мердігер геологиялық ақпаратты пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін қабылдау-беру актісі бойынша алған көлемінде пайдаланушыға қайтарып беруге міндеттенеді;

5) геологиялық ақпараттың құпиялылығы бұзылғаны үшін пайдаланушы не мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке сәйкес бірдей жауапты болады, ақпаратты пайдалану құқығынан айырылады және оны уәкілетті органға дереу қайтаруға міндеттенеді.

2. Қолданылу мерзімі

Осы Шарт Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және жұмыстарды орындау шартының мерзімі аяқталғанға дейін қолданыста болады.

3. Қорытынды ережелер

Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндірілуі тиіс және мемлекеттік және орыс тілдерінде, Тараптар үшін бірдей заңды күші бар 3 (үш) данада қол қойылды, барлық даналары түпнұсқа болып табылады. Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда, тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Мөрмен және қолдармен расталды:

Б е р д і

Қ а б ы л д а д ы

Жер қойнауын пайдаланушы

Мердігер

Басшы _____

Басшы _____

Т.А.Ә., қолы, мөр

Т.А.Ә., қолы, мөр

К е л і с і л д і

Уәкілетті орган

Басшы

Т.А.Ә., қолы, мөр

Мемлекет

меншігінде

болатын

геологиялық

ақпаратты

оқу,

ғылыми,

коммерциялық

мақсаттарда пайдалану және
геологиялық ақпаратты Қазақстан
Республикасынан тысқары жерге
әкету қағидасына
4-қосымша

Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ компаниясының
(компанияның атауы)

табиғи жеткізгіштегі геологиялық ақпаратын тексеріп қарау
актісі

_____ қ. Күні
(қ а л а , о б л ы с)
Мынадай құрамдағы комиссия:
аумақтық органның маманы _____
(Т . А . Ә .)

және компания өкілі _____
(Т . А . Ә .)

_____ объектісінен
(кен орнының, учаскенің, алаңның және т.б. атауы)
іріктелген _____ компаниясының
(компанияның атауы)

табиғи жеткізгіштегі геологиялық ақпараттарының үлгілерін қарады.
_____ компаниясының
(компанияның атауы)

табиғи жеткізгіштегі геологиялық ақпараты нөмірленіп, _____
(салынған ыдыс атауы)

с а л ы н д ы .

Табиғи жеткізгіштегі тексерілген геологиялық ақпарат
сипаттамаға сәйкес келеді.

Өтініш беруші табиғи жеткізгіштегі жалпы салмағы _____
(геологиялық ақпараттың жалпы салмағы)
саны _____ осы геологиялық ақпаратты оның құрамы мен
(с а н ы)

мазмұнын анықтау үшін _____ арнайы
(геологиялық ақпараттың түрі)

т а л д а у ғ а

т а п с ы р д ы .

Табиғи жеткізгіштегі геологиялық ақпаратты жеткізу мекенжайы

_____ (облыс, аудан, қала, көше, үй, телефон)

Аумақтық орган _____

(қ о л ы)

Өтініш беруші _____

(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК